

Пайдалану  
бойынша нұсқаулық





# Үстелүсті жарықшамы Finepower AD-006G

## Құрметті сатып алушы

Біздің өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс айтамыз.

Біз Сізге сапаға, функционалдылықта және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленіп жасалған бүйімдерді ұсынуға қуаныштымыз. Аспапты пайдалану алдында осы нұсқаулықты мүқият оқып шығыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қастысты маңызды ақпарат, сондай-ақ аспапты дұрыс пайдалану және оны күтіп ұстау бойынша ұсынымдар берілген. Осы Нұсқаулықты сактап қойыңыз және бүйімды әрі қарай пайдалану кезінде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.


## Құрылғының арналуы

Құрылғы пайдаланушының жұмыс орнын жарықтандыруға арналған.

## Сақтық шаралары

- Бұл құрылғыны тек мақсатына сай пайдаланыңыз.
- Құрылғыны ылғалдан, түрлі сұйықтықтардан, сондай-ақ жылу көздерінен қорғаңыз.
- Бұл құрылғыны шамадан тыс температура мен тікелей күн сәулесінің әсеріне ұшыратпаңыз.
- Құлағаннан кейін құрылғыны пайдаланбаңыз, сондай-ақ көзге көрінетін зақым болса, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
- Құрылғы балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдарға, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылауды жүзеге асырғаннан басқа жағдайларда пайдалануға арналмаған. Балаларға құрылғымен ойнауға жол бермеңіз.
- Құрылғыны тек үйде қолданыңыз.
- Шамды матамен, қағазбен немесе басқа жанғыш заттармен жаппаңыз.
- Құрылғыны тұрақсыз беттерге немесе тез жанатын заттардың жынына қой-маңыз.
- Құрылғыны тазалау үшін қышқыл немесе сілтілі жұғыш заттарды пайдаланбаңыз.


## Жарықты басқару панелі




1. «Режим» батырмасы.
2. «Жоғары қарай» батырмасы.
3. «Қосу/Сөндіру» батырмасы.
4. «Төмен қарай» батырмасы.

## Құрылғымен жұмыс істеу

1. Жарықшамды және оның барлық элементтерін абайлап шығарып алыңыз. Құрылғыны үстелдің бетіне бекітпе түріне сәйкес орнатыңыз:
  - *Қыстырығыш бекітпе*: жарықшамды үстелдің шетіне қыстырығышпен бекітіңіз.
  - *Kіріктірілген тіреуіш*: жарықшамды орнықты бетке орнатыңыз.
  - *Бұрандықысқыш*: жарықшамды бұрандықысқышқа салып, қосылысын бұрама-мен бекітіңіз; бұрандықысқышты үстел бетінің шетіне орналастырып, бекіткіш бұраманы бұраңыз.
  - *Алынбалы тіреуіш*: жарықшамды тіреуішке салып, қосылысты бұрама-мен бекітіңіз; құрылғыны орнықты бетке орналастырыңыз.
2. Құрылғыны желіге қосыңыз. Құрылғыны қосу/сөндіру үшін тиісті батырманы пайдаланыңыз.
3. Құат беру кабелін құрылғының артқы бөлігіне қосыңыз (1-сур.).
4. Қосу/сөндіру үшін «Қосу/Сөндіру» батырмаларына қол тигізіңіз (2-сур.).



1-сурет.




2-сурет.


5. Жарықтың температурасын ауыстыру үшін жарықты басқару панелінде «Режим» батырмасын басыңыз.
6. Шамның 3 тұс температурасы режимі және жарықтылықтың 5 сатысы бар.
7. Жарықтықты теңшеу үшін жарықты басқару панеліндегі «Жоғары қарай»/«Төмен қарай» батырмаларын басыңыз. Жарықшамның 5 жарықтық дәрежесі бар.

## Шамның күйін теңшеу


1. Шамның максималды ашылу бұрышынан асырмаңыз (1-сурет).  
Шамды жапқан кезде мүқият болыңыз.
2. Шамның максималды бұрылу бұрышынан асырмаңыз (әр жағына  $80^\circ$ ) (2-сурет).
3. Шамның күйін теңшеу кезінде оны түбінен ұстап тұрыңыз (3-сурет).



1-сурет.



2-сурет.



3-сурет.

## Қауіпсіз пайдалану ережелері мен шарттары

1. Желілік сымында зақымдар болмауын үнемі тексеріп отырыңыз.
2. Құрылғыны шамадан тыс ылғалдылық жағдайында пайдаланбаңыз.
3. Кез келген техникалық жұмыстарды (шамды ауыстыру, құрылғыны орнату, тазалау) жүргізер алдында құрылғының сөндірілгеніне және желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
4. Құрылғыны азғантай сабын немесе спирт ерітіндісіне жібітілген жұмсақ майлышпен сұртіңіз.
5. Бұйымды сервис орталығының білікті мамандары ғана жөндеуі тиіс.

## Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: AD-006G.
- Сауда белгісі: FinePower.
- Желі параметрлері: AC 100–240 В, 50 Гц, 0,45 А; DC 12 В, 1 А.
- Шамның түрі: жарықдиодты.
- Максималды құаты: 10 Вт.
- Орнату тәсілі: тіреуіш.

## Жинақталым

- Құрылғы.
- Пайдалану бойынша нұсқаулық.

# Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандайда бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғының сақталуы өндірушінің және тұтынушының жылдытылып тұратын панажайларында өндірушінің қаптамасында 5°C бастап 40°C дейінгі температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерлерде жүргізілу тиіс. Панажайларда тотығуды туыннадатын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілерді булары) болмауы тиіс.
- Құрылғының құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мүқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңын, ластын, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғының өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілу тиіс.
- Бұйымның қызметті мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және қайта өңдеу үшін электрлік және электронды жабдықтың тиісті қабылдау бекетіне қайта өңдеуге жіберіледі. Осы бұйымды дұрыс кжоюдың қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге және қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірмеуге көмектесесіз. Бұл бұйымды қабылдау және жою бекеттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығарытын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғының кәдеге жаратыңыз.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Шэньчжэн Фэйхэ Электроник КО, ЛТД.

3/F, 3 блок, Хунфа Инновэйшн паркі, Җюэй, Сисян, Баоань, Шэньчжэн қаласы, Гуандун провинциясы, Қытай.  
Қытайда жасалған.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Султан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Султан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

- ТР ТС 004/2011 «Төмен волтты жабдықтың қауіпсіздігі туралы»
- ТР ТС 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі».

Тауар Еразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі, оның сипаттамалары және жиынтықталуы алдын ала мәлімдеусіз өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта ұсынылғаннан өзгеше болуы мүмкін.



## **Кепілдік талоны**

**SN/IMEI:** \_\_\_\_\_

**Кепілдікке қойылған күні:** \_\_\_\_\_

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ, материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бүйімді сатып алған сәттен басталады және тек қана жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес бүйімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кесірінен істен шықпаған элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру үәкілдегі сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 6 ай.

Пайдалану мерзімі: 12 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

**Кепілдік міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бүйімді бөлшектеуге байланысты болмаса, тауардың жиынтықтылығына кіретін, төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:**

- ҚБП (Қашықтан басқару пультіне) арналған қуат элементтері (батареялар).
- Жалғағыш кабельдер, антенналар және оларға арналған жалғастырығыш тетіктер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; жиынтықта жеткізілетін әртүрлі типтері ақпарат тасымалдағыштар, бағдарламалық құрал (БҚ) және драйверлер (бүйімнің қатты магниттік дискілердегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БҚ-ны қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждық керек-жарақтар, құрал-саймандар, бүйімға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.



## **Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерге ие болмайды:**

- Кепілдік мерзімі аяқтады.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей міндеттіне сәйкес келмейтін басқа мақсаттарда пайдаланылған болса.
- Өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, қосу ережелерін (бұйымның өзіне де, онымен байланысты бұйымдарға да сәйкес келмейтін желілік кернеудің әсері нәтижесінде туындаған қысқа тұлықталулар), бұйымды сақтау және тасымалдау кезінде өнім іесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен ықтимал материалдық, моральдық және өзге де зиян үшін жауапты болмайды.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: өнімді пайдалану кезінде алынған сызаттар, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, майысулар, кептелістер және т.б.
- Түрлендірulerді, рұқсат етілмеген жөндеулерді осындай жұмыстарды жүргізуге үәкілді емес адамдар жүргізген жағдайлар. Егер ақаулық конструкцияны немесе бұйымның схемасын өзгерту, Өндіруші қарастырмаған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай сайкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан туындаған болса.
- Егер бұйымның ақауы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғи элементтер, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Өндірушігে тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмаған үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса. Бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына алып келген бұйымның ішіне бөгде заттардың, өзге денелердің, заттектердің, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың түсінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температуралардан туындаған ақау.
- Бұйымды сәйкестендіру (сериялық нөмірі) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық қамтаманың; БҚ, ұсынушысының осы қызметті ұсынбауына байланысты мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соққан құпиясөздерді (кодтарды) оларды жинау/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз орнату, ауыстыру немесе жою әсерінен туындаса.
- Егер жұмыстың ақаулықтары құат беруші, кабельдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал құтының стандарттарға немесе техникалық регламенттеріне сәйкес келмеуінен, оның ішінде бедер ерекшеліктерінен және басқа да осыған үқсас сыртқы факторлардан, бұйымның желі әрекет ететін шекарада немесе аймақтан тыс жерде пайдаланылуынан туындаған болса.
- Егер зақымданулар стандартты емес (тұпнұсқалық емес) және/немесе сапасыз (зақымданған) шығыс материалдарын, керек-жараптарды, қосалқы бөлшектерді, құат беру элементтерін, әртурлі үлгідегі ақпарат тасымалдаыштарды (CD, DVD дискілерді, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаса.
- Егер кемшіліктер үйлесімсіз контентті (әуендерді, графиканы, бейне және басқа файлдарды, Java қосымшаларын және оларға үқсас бағдарламаларды) алуға, орнатуға және пайдалануға байланысты туындаған болса.
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залалға.



## Жазбалар үшін

## Жазбалар үшін



[www.finepower.ru](http://www.finepower.ru)